

«Интергаз Орталық Азия» АҚ  
Жалғыз акционерінің  
шешімімен бекітілді  
(«QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің  
2022 жылғы « 10 » № 1 хаттамасы)

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНДА  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКKE ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 22 ж. « 19 » 12

БСН 970740000392

№ 105-1901-ИАО-02-АҚ

Бастапқы тіркелген күні  
2019 ж. « 24 » 07



«Интергаз Орталық Азия»  
акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ

Астана қ., 2022 жыл

## 1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі бірге – Заңнама деп аталады), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес жүзеге асырады.

2. Қоғамның фирмалық атауы:

қазақ тілінде:

толық «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы;

қысқартылған «ИОА» АҚ;

орыс тілінде:

толық акционерное общество «Интергаз Центральная Азия»;

қысқартылған АО «ИЦА»;

ағылшын тілінде:

толық «Intergas Central Asia» Joint Stock Company;

қысқартылған «ICA» JSC.

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көш., 12.

4. Қоғам қызмет ету мерзімі - шектелмейді.

5. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

6. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, мөрі, мөртабаны және мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген бланкілері және басқа да деректемелері бар.

7. Қоғамның өзінің тауарлық белгісі мен рәміздемесі болуы мүмкін, олардың үлгілерін Қоғам Басқармасы бекітеді және олар белгіленген тәртіпте тіркеледі.

8. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің мүлкінен жекеленген мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

9. «QazaqGaz» ҰК» АҚ Қоғамның жалғыз акционері (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

## 2-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

10. Қоғамның құрылтай құжаты Жарғы болып табылады.

11. Жарғымен барлық мүдделі тұлғалар танысуға құқылы. Мүдделі тұлғаның талабы бойынша Қоғам Жарғының кейінгі өзгерістері мен толықтыруларын қоса алғанда онымен танысуға мүмкіндік беруге міндетті. Қоғам Жарғының көшірмесін беру туралы Жалғыз акционердің талабын үш жұмыс күні ішінде орындауға міндетті.

### 3-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

12. Қазақстан Республикасының экономикасы үшін стратегиялық мәні бар объект ретінде дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында табыс табу және магистральдық газ құбырлары жүйесінің, жоғары, орта және төмен қысымды газ тарату желілерінің тиімді, сенімді және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету Қоғам қызметінің мақсаты болып табылады.

13. Қоғам қызметінің мәні:

1) магистральдық газ құбырларымен табиғи газды, конденсатты тасымалдау, сақтау жөніндегі қызметтер (ЭҚЖЖ 49.50.0 құбырмен тасымалдау);

2) магистральдық және тарату газ құбырларын, оның ішінде тауарлық газбен қамтамасыз ететін бірыңғай жүйесіне кіретін объектілерді пайдалану және техникалық қызмет көрсету (ЭҚЖЖ 52.21.5 магистральдық және өзге оның ішінде су таратқыш құбырларды пайдалану);

3) газ тасымалдау жүйесінің объектілеріндегі станция аралықтарды және электрлік желілерді және электрлік станцияларды пайдалану, жылу және электр энергиясын өндіру, беру және тарату (ЭҚЖЖ 35121 Электр энергияларын беру, ЭҚЖЖ 35130 электр энергияларын тарату, ЭҚЖЖ 35140 тұтынушыға электр энергияларын сату);

4) табиғи газды, конденсатты сатып алу, сату, жалға алу, айырбастау (ЭҚЖЖ 35220 құбырлар бойынша газ тәрізді отынды тарату, ЭҚЖЖ 35230 құбырлармен газ тәрізді отынды сату);

5) Қоғамның объектілерін пайдалануға байланысты газ құбырларын және басқа тасымалдау құбырларының объектілерін жоспарлау, жобалау, салу (ЭҚЖЖ 42211 мұнай және газ магистральдық газ құбырларын салу);

6) қолданыстағы магистральдық газ құбырларының жүйелерін жоспарлау, жобалау, кеңейту, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру (ЭҚЖЖ 52216 қолданыстағы магистральдық және өзге құбырларға құбырларды (қосу) жалғастыру жөніндегі қызметтер);

7) мұнай-газ кәсібін өндіру және жөндеу, магистральдық мұнай-газ құбырларын, газды сақтау объектілерін жобалау және пайдалану (ЭҚЖЖ 52.21.5 магистральдық және өзге, оның ішінде су таратқыш құбырларды пайдалану);

8) газ тарату құбырларын пайдалану және техникалық қызмет көрсету (ЭҚЖЖ 43298 өзге құрылыс-монтаждау жұмыстар, ЭҚЖЖ 43299 жөнделген жабдықты іске қосу және қалпына келтіру);

9) қолданыстағы магистральды, тарату және өзге құбырларға құбырларды жалғастыру (қосу) жөніндегі қызметтер (ЭҚЖЖ 52.21.6 қолданыстағы магистральдық және өзге құбырларға құбырларды (қосу) жалғастыру жөніндегі қызметтер);

10) объектілерді газдандыруға техникалық жағдайларды жасау, газ тасымалдау жүйелерінің желілеріне қиылыстыру және қосу (ЭҚЖЖ 49.50.0 құбыр бойынша тасымалдау, ЭҚЖЖ 35.22.0 газ тәрізді отынды құбырлармен тарату)

11) магистральдық және (немесе) тарату газ құбырларына жалғанған соңғы тұтынушыларға газды өткізу (ЭҚЖЖ 35230 құбырлармен газ тәрізді отынды сату, ЭҚЖЖ 35220 құбырлармен газ тәрізді отынды тарату);

12) Қоғамның объектілерінде қысыммен жұмыс істейтін көтеру құрылыстарды, қазандарды, сауыттарды және құбырларды пайдалану және жөндеу (ЭҚЖЖ 33111 жылу электр станцияларымен электр энергиясын өндіру, ЭҚЖЖ 33149 өзге категорияларға кірмейтін басқа электр жабдықтарын жөндеу және техникалық қарау);

13) газ тасымалдау жүйесінің объектілеріне арналған уларды, прекурсорларды сатып алу, сақтау және пайдалану (ЭҚЖЖ 38120 қауіпті қалдықтардың жинағы);

14) газ тасымалдау жүйесінің объектілері үшін иондаушы сәулелену көзімен қарау (ЭҚЖЖ 33131 өлшеуге, тестілеуге және навигациялауға арналған аспаптар мен құралдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету);

15) шалғай аудандардағы су шаруашылығы қызметінің тұтынушыларына қызмет көрсету және электр қуатын сату (ЭҚЖЖ 35140 тұтынушыларға электр энергияларын сату);

16) газ тасымалдау жүйесінің объектілеріне арналған су шаруашылығы және кәріздер жүйелерін пайдалану (ЭҚЖЖ 36000 суды жинау, өңдеу және тарату, ЭҚЖЖ 37000 кәріздердің жүйесі);

17) Қоғамның объектілеріндегі магистральдық құбырларды, негізгі және қосалқы жабдықтарды (профилактика, қарау, техникалық жағдайын бақылау, дәнекерленген жапсарларының жағдайын диагностикалау, жалғастыру және бекіту) техникалық қызмет көрсету, жөндеу (ЭҚЖЖ 33121 механикалық жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, ЭҚЖЖ 33149 басқа категорияға енгізілмеген өзге электр жабдықтарын жөндеу және техникалық қарау, ЭҚЖЖ 43291 оқшаулау жұмыстары);

18) Қоғамның компрессорлық станцияларының және магистральдық желілік бөлігін және тарату құбырлары, оның ішінде объектілердегі суасты өткелдің жабдықтарын диагностикалау (ЭҚЖЖ 43298 өзге құрылыс-монтаждау жұмыстары, ЭҚЖЖ 33143 электр жарықтандыру жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, ЭҚЖЖ 33141 электр моторларын, генераторларды және трансформаторларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, ЭҚЖЖ 33142 электр тарату және реттеуші аппаратураларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету);

19) газ тасымалдау жүйесінің объектілерін коррозиядан қорғайтын электр химиялық құралдарына техникалық қызмет көрсету (ЭҚЖЖ 43291 оқшаулау жұмыстары);

20) Қоғамның объектілеріндегі магистральдық және тарату газ құбырларын пайдалануға байланысты жер жұмыстары (ЭҚЖЖ 43121 жер жұмыстары);

21) Қоғаммен пайдаланатын магистральдық және тарату газ құбырларының объектілеріндегі құрылыс-монтаждау жұмыстары (ЭҚЖЖ 43298 өзге құрылыс-монтаждау жұмыстары);

22) Қоғам жұмыскерлерін және «QazaqGaz» ҰК» АҚ компаниялар тобын кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру (ЭҚЖЖ 85592 ұлттық компанияларымен және оның еншілес ұйымдарымен ұсынылатын білім түрлері, ЭҚЖЖ 85601 ұлттық компанияларымен және оның еншілес ұйымдарымен ұсынылатын қосымша білім қызметтері);

23) Жеке мүлікті және газ тасымалдау жүйелерінің субъектілеріне сенімгерлік басқаруға берілген мүлікті басқару және жалға беру (ЭҚЖЖ 68.20.1 жеке меншікті жалға алу және басқару).

14. Заңнамамен белгіленген тәртіпте алынуы қажет лицензияның немесе рұқсаттың өзге де түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге де түрлерін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

#### **4-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

15. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қоғам Заңнамада белгіленген тәртіпте мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық валютада да, шетел валютасында да шоттар ашу;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде Қоғамның толық атауы бар мөрі, мөртабандары мен бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген тауар белгісі мен эмблемасы (символикасы) болуы тиіс;

3) меншікте оқшауланған мүліктің, сондай-ақ дербес баланстың болуы;

4) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға;

5) бағалы қағаздар шығаруға;

6) басқа ұйымдарды құруға немесе олардың қызметіне қатысуға;

7) Қазақстан Республикасында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер ашуға, өз мүлкі есебінен негізгі және айналымдағы қаражат беруге және олардың қызметінің тәртібін белгілеуге;

8) талапкер немесе жауапкер, сондай-ақ Заңнамаға сәйкес үшінші (мүдделі) тұлға ретінде әрекет ету;

9) өзіне Заңнамаға және/немесе Жарғыға сәйкес берілген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

16. Қоғам міндетті:

1) Заңнаманы сақтауға;

2) белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндетті;

3) өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап беруге міндетті;

4) Жалғыз акционерге ақпаратты Жалғыз Акционердің шешімімен белгіленген мерзімдерде және тәртіппен беруге міндетті;

5) Қоғам органдарының шешімдерін орындау;

6) Заңнамаға сәйкес жауаптылықта болуға;

7) өзіне Заңнамамен және/немесе Жарғымен жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

#### **5. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

17. Қоғамның Жалғыз акционерінің:

- 1) Заңнамамен және Жарғымен көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 2) дивидендтер алуға;
  - 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
  - 4) Орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға құқылы;
  - 5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға (тағайындауға);
  - 6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
  - 7) Қоғам органдары Заңнама мен Жарғының нормаларын бұзатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;
  - 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және сұрау салу Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
  - 9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
  - 10) Заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
  - 11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 12) аудиторлық ұйымның Қоғам есебінен Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;
  - 13) Қоғамның Жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарауға бастамашылық жасауға;
  - 14) Жалғыз акционерге тиесілі акцияларға еркін билік етуге, Заңнамаға қайшы келмейтін және басқа тұлғалардың құқықтары мен Заңнамамен қорғалатын мүдделерін бұзбайтын кез келген әрекеттерді жасауға, оның ішінде өз акцияларын басқа тұлғалардың меншігіне иеліктен шығаруға құқылы бар.
18. Қоғамның Жалғыз акционерінің Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.
19. Қоғамның Жалғыз акционері:
- 1) Заңнамада көзделген тәртіпте акцияларға төлем жасауға;
  - 2) он жұмыс күні ішінде орталық депозитарийге және (немесе) Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;
  - 3) Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
  - 4) Заңнамаға сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.
20. Қоғам және орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы Жалғыз акционердің осы Жарғының 19-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

## **6-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

21. Қоғам акциялар, облигациялар, айырбасталатын және басқа да бағалы қағаздар, оның ішінде туынды құралдар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу жағдайлары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында айқындалады.

22. Қоғам жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы мөлшерінің жиырма бес пайызынан аспауға тиіс. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.

23. Жай акция Қоғамның Жалғыз акционеріне акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын, Қоғамның таза кірісі болған ретте дивидендтерді, сондай-ақ Қоғам таратылған ретте Заңнамамен белгіленген тәртіпте оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

24. Акцияларды орналастыру ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында өткізілетін жазылым немесе аукцион не ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында өткізілетін жазылым немесе аукцион арқылы, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды және (немесе) Қоғамның ақшалай міндеттемелерін Қоғамның акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.

25. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

26. Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) төлеу бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның орналастырылатын акцияларына қор биржасында айналыстағы бағалы қағаздармен ақы төлеу қор биржасының бағалы қағаздарын бағалау әдістемесіне сәйкес қор биржасы айқындайтын нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады. Мұндай бағалы қағаздардың нарықтық бағасы болмаған жағдайда, акциялардың төлеміне енгізілетін бағалы қағаздардың түріне қатысты көрсетілген әдістеме бойынша қор биржасы есептеген олардың құнын бағалауды бағалаушы жүргізеді.

27. Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті Қоғам оны пайдаланудың бүкіл мерзімі үшін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшеріне сүйене отырып жүргізіледі. Көрсетілген мерзім өткенге дейін мұндай мүлікті Қоғамның Жалғыз акционерінің келісімінсіз алып қоюға тыйым салынады.

28. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді тек орталық депозитарий жүзеге асыра алады.

29. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында айқындалады.

30. Орналастырылатын акция толық төленгенге дейін Қоғам осы акцияны сатып алушының шотына Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде (номиналды ұстаушыны есепке алу жүйесінде) есепке алу туралы бұйрық беруге құқылы емес.

31. Егер:

1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленгенде;

2) Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде тұрған акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылған акцияларының көп болса жиырма бес пайызын құраса;

3) акцияларды кепілге қою туралы шартты Жалғыз акционер мақұлдаса, Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілге ала алады.

## **7-БАП. ДИВИДЕНДТЕР**

32. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер дивидендтерді төлеу туралы шешімді артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Қоғамның Жалғыз акционері қабылдаған жағдайда Қоғамның ақшасымен немесе бағалы қағаздарымен төленеді.

33. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

34. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге Қоғамның жарияланған акциялары және (немесе) ол шығарған облигациялар Қоғамның Жалғыз акционерінің жазбаша келісімі болған жағдайда ғана жол беріледі.

35. Егер акцияларды иеліктен шығару туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияны төленбеген дивидендтермен иеліктен шығару акцияның жаңа меншік иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

36. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғамның Жалғыз акционері оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

37. Егер:

1) меншік капиталының теріс мөлшерінде немесе егер Қоғамның меншік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді;

38. Акционер, Жарғының 37-тармағындағы негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне уәкілетті органның қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

39. Тоқсан, жарты жыл немесе жыл қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғамның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Жалғыз акционердің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады. Жалғыз акционердің жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға дивиденд мөлшері көрсетіледі.

Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

40. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

41. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) дивидендтің бір жай акцияға шаққандағы мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталу күні;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).

42. Қоғамның бір артықшылықты бір акциясына кепілдендірілген дивиденд мөлшері Қоғам акциясының номиналды құнының 0,01 (жүзден бір) пайызын құрайды. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылына I (бір) рет жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде жүргізіледі, ол үшін артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төленуге тиіс. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу үшін белгіленген мерзім шегінде дивидендтер төлеудің тікелей басталу күнін Қоғамның Басқармасы айқындайды.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді.

Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін сол кезең үшін жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшерінен кем болмауы тиіс, оның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жүргізілмейді.

Дивидендтерді төлеу Жалғыз акционер Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

Қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде Жалғыз акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылуға тиіс.

Жалғыз акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу Жалғыз акционер Қоғамға жүгінген кезден бастап 90 күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

43. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталғанға дейін бес жұмыс күні ішінде қоғам Жарғының 7-бабы 41-тармағының 1), 2), 4), 5)-тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акциясына шаққанда дивидендтің мөлшерін көрсете отырып, дивидендтер төлеу туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

## **8-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

44. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Заңнамаға және Жарғыға сәйкес Қоғамда құрылған өзге де органдар болады.

## **9-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ**

45. Заңнамамен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жалғыз акционер белгіленген тәртіппен қабылдайды.

46. Қоғамның Жалғыз акционері қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жыл сайын шешім қабылдауға міндетті.

47. Есепті кезеңде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

48. Жалғыз акционердің қарауына акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шығаруды Директорлар Кеңесі бастамашылық етеді.

49. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қалған мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығаруды Директорлар кеңесі, Қоғамның Жалғыз акционері бастамашылық етеді, ал Қоғамды ерікті түрде тарату процесінде тарату комиссиясы да бастамашылық жасай алады.

Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті мөлшерде ақпаратты қамтуға тиіс.

50. Қоғам органдарының мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселелері бойынша материалдарда ұсынылатын үміткерлер туралы мынадай ақпарат:

1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;

2) білімі туралы деректер;

3) Қоғаммен ықпалдастығы туралы деректер;

4) соңғы үш жыл ішінде жұмыс орындары мен атқарған қызметтері туралы деректер;

5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелерін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау (тағайындау) мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылған тұлғаның тәуелсіз директор лауазымына кандидат болып табылатындығы да көрсетілуі тиіс.

51. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін Қоғамның Жалғыз акционеріне ұсынылуға жататын материалдар мыналарды қамтуға тиіс:

1) жылдық қаржылық есептілікті;

2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есепті;

3) Директорлар кеңесінің Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстары;

4) Жалғыз акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне өтініші және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты;

5) атқарылған жұмыс туралы Директорлар кеңесінің жылдық есебі;

6) мәселені Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығару бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

52. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелердің тізбесін Қоғамның директорлар Кеңесі қалыптастырады, сондай-ақ оның бастамасы бойынша Қоғамның Жалғыз акционері толықтыра алады.

## **10-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕ ҚҰЗЫРЕТІ**

53. Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау жағдайлары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

7) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

8) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың жағдайлары мен тәртібін айқындау;

9) Қоғамның Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау (тағайындау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

10) атқарылған жұмыс туралы Директорлар кеңесінің жылдық есебін бекіту;

11) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

12) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

13) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;

14) бөлінбеген пайданы бөлу;

15) осы Жарғының 36-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

16) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғаларға қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

18) Заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғамның оларды сатып алуы кезінде акциялардың құнын айқындау әдістемесіне (егер ол Құрылтай жиналысында бекітілмеген болса, әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту;

19) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

20) белгіленген тәртіппен Басқарма Төрағасын (Бас директорды) сайлау (тағайындау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

21) Қоғаммен ірі мәміле жасауды мақұлдау туралы шешімді қабылдау нәтижесінде Қоғаммен мәміле туралы шешімді қабылдаған күні Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы көлемінен елу және одан көп пайызды құрайтын құны бар мүлік иелігінен шығарылады (шығарылуы мүмкін), оның нәтижесінде елу және одан көп пайыз иеліктен шығарылады (шығарылуы мүмкін);

22) Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту;

23) Қоғам жасауға мүдделілігі бар ірі мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

24) шешім қабылдау Заңмен және/немесе Қоғамның Жарғысымен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

54. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларды мен жұмыскерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Қоғамның Басқармасы, орталық депозитарий Қоғаммен жасалған шартқа, Қоғамның Директорлар кеңесіне сәйкес, таратылған жағдайда – Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

55. Қоғамның жалғыз акционері Қоғамның қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

## **11-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

56. Директорлар кеңесі Заңмен және Жарғымен Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

57. Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырғаны үшін Жалғыз акционер алдында жауапты болады.

Жыл қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі жалғыз акционерге Директорлар кеңесі туралы Ережеде көзделген тәртіппен атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

58. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғамның директорлар Кеңесінің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқаруы кезеңінде Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақылар төленуі және (немесе) шығыстары өтелуі мүмкін. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз Акционердің шешімімен белгіленеді.

59. Қоғамның директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамды дамыту стратегиясын айқындау немесе Қоғамды дамыту жоспарын бекіту;

2) Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді мақұлдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдауы;

4) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

5) Басқарма Төрағасын (Бас директорды) қоспағанда, Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, басқарма мүшелерін сайлау (тағайындау), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Басқарма Төрағасының (Бас директордың) және Қоғамның Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

7) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;

8) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін дайындау және жалғыз акционердің қарауына шығару;

9) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы Ережелерді бекіту;

10) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің қысқартылған сипаты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушыны айқындау;

11) Тізбесін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның басқармасы қабылдайтын ішкі құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

13) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы шешім қабылдау;

14) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

16) Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, ол туралы ережені бекіту, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, оның құзыреті мен функцияларын, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін, сыйақы мен әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, қызметтің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту қоғамның ішкі аудиті қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

17) комплаенс қызметінің басшысы мен жұмыскерлерін тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, комплаенс қызметі туралы ережені бекіту, Қоғамның комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін, оның құзыреттері мен функцияларын айқындау, сондай-ақ лауазымдық жалақының мөлшерін, сыйақы, сыйлықақы және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, қоғамның комплаенс қызметінің жұмыс жоспарын бекіту, тоқсандық және жылдық қоғамның комплаенс қызметінің қызметі туралы есептер және олар бойынша шешімдер қабылдау, саясатты бекіту, Комплаенс мәселелері бойынша Қоғамның рәсімдері мен өзге де ішкі құжаттары;

18) Омбудсменді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ лауазымдық жалақының мөлшерін және сыйақы, әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, омбудсмен қызметі туралы есептерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

19) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, Корпоративтік хатшы қызметін құру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мен сыйақы шарттарын, әлеуметтік қолдауын айқындау;

20) осы Жарғының 10-бабы 53-тармағының 23) тармақшасына сәйкес жасалуы туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын, жасалуы туралы шешімді Қоғамның мүдделілігі бар ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жасасуға мүдделілігі бар мәмілелер жасасуы туралы Қоғамның шешімін қабылдау;

21) утверждение штата (общей численности) работников Общества, включая филиалы и представительства Общества, а также организационной структуры центрального аппарата Общества;

Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін, сондай-ақ Қоғамның орталық аппаратының ұйымдық құрылымын қоса алғанда, Қоғам жұмыскерлерінің штатын (қалпы санын) бекіту;

22) Қоғамның бизнес-жоспарын, сондай-ақ оған енгізілетін түзетулерді бекіту;

23) тәуекелдерді басқару саясатын айқындау;

24) Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау / бекітпеу туралы есепті бекіту;

25) Қоғамның жылдық есебін бекіту;

26) Директорлар Кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Атқарушы орган басшысының және мүшелерінің және Қоғамның өзге де жұмыскерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

27) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі, оның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпарат алу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

28) Қоғам қызметінің стратегиялық және талдамалық түйінді көрсеткіштерінің тізбесін және/немесе нысаналы мәндерін бекіту, Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директоры) мен Басқарма мүшелері үшін қызметтің түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы және нақты мәндерін, Ішкі аудит қызметі, комплаенс қызметі, Корпоративтік хатшы және қоғам омбудсмені қызметінің тиімділігінің түйінді көрсеткіштерін бекіту;

29) ірі инвестициялық жобаларды және басқа да түйінді стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингілеу;

30) Заңнамада және Жарғыда көзделген, Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Тізбесі осы Жарғының 59-тармағында белгіленген мәселелер Қоғам басқармасына шешу үшін берілмейді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

60. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

61. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Жалғыз акционердің мүдделерінің өкілдері ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға (тағайындауға) ұсынылған (ұсынылған) тұлғалар;

2) басқа тұлғалар (осы Жарғының 65-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып).

62. Қоғамның Жалғыз акционері мүдделерінің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға (тағайындауға) ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлға

Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы (тағайындалуы) мүмкін. Мұндай тұлғалардың саны Қоғамның директорлар Кеңесі құрамының елу пайызынан аспауға тиіс.

63. Қоғамның тәуелсіз директорының кандидатурасы келесі критерийлерді қанағаттандыруы керек:

1) Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмаса және ол директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) болып табылмаса;

2) Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының жұмыскері болып табылмаса және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде ол болып табылмаса;

3) Қоғамның жұмыскерімен жақын туыстықта (ата-анасы, ағасы, апайы, ұлы, қызы), некеде, сондай-ақ жақындықта (жұбайының ағасы, апайы, ата-анасы, ұлы немесе қызы) тұрған жоқ және Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде тұрған жоқ;

4) Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;

5) Қоғамның лауазымды тұлғаларына немесе ұйымдардың – Қоғамның үлестес тұлғаларының бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы 3 (үш) жыл ішінде аталған тұлғалармен бағыныстылықта болған жоқ;

6) Қоғамның немесе оның үлестес тұлғаларының ірі клиенті немесе Өнім берушісінің үлестес тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болған жоқ;

7) Қоғамнан немесе оның үлестес тұлғаларынан айтарлықтай қаржыландыру алатын коммерциялық емес ұйымның үлестес тұлғасы болып табылмайды;

8) Қоғамға немесе оның үлестес тұлғаларына кез келген сипаттағы ақылы қызметтер, соның ішінде кеңес беру қызметтерін көрсетпейді;

9) Қоғам жұмыскері Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымын атқаратын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылмайды;

10) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

11) Қоғам органдарының отырыстарында акционерлердің өкілі болып табылмайды және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 (үш) жыл ішінде өкілі болып табылмайды;

12) Қоғамның аудитору болып табылмайды және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болған емес;

13) Қоғам аудиторуның немесе оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болған жоқ.

14) оның Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде Қоғамның аудиторуның не оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болып табылмаған және болған жоқ.

64. Тәуелсіз директор болып Заңнама мен Жарғы бойынша Тәуелсіздік критерийлеріне сәйкес келетін, сондай-ақ тоғыз жылдан астам қатарынан директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын тұлға сайланады.

65. Директор лауазымына мынадай тұлға сайлана алмайды:

- жоғары білімі жоқ;

- өтелмеген немесе Заңнамада белгіленген тәртіпте алып тасталмаған сотталуы бар;

3) белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдағанға дейін көп болса бір жыл бұрын кезеңде бұрын басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшы орынбасары, бас бухгалтері болмаған тұлға директор қызметіне сайлана алмайды. Аталған талап мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күннен кейін 5 (бес) жылдың ішінде қолданылады.

4) бұрын сот меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп таныған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған акционерлік қоғамның лауазымды тұлғасы болған. Көрсетілген талап заңда белгіленген тәртіппен сотталғандығы өтелген не алынған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

5) Қоғаммен бәсекелес заңды тұлғаның акционері (қатысушылары), лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері болып табылады.

66. Басқарма төрағасынан (Бас директордан) басқа, Қоғам басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана (тағайындала) алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директор) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана (тағайындала) алмайды.

67. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш тұлғады құрауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау (тағайындау) туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған (тағайындалған) мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетілуге тиіс.

68. Директорлар кеңесінің мүшелері көп болса үш жыл мерзіміне сайланады. Директорлар кеңесі құрамына қатарынан 6 жылдан көп мерзімге сайлаудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапа жағынан жаңарту қажеттілігін ескеріп ерекше қарауға жатады. Бір тұлға Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан аса сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда қатарынан тоғыз жылдан аса мерзімге сайлауға жол беріледі, бірақ бұл орайда мұндай тұлғаны Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын жүргізілуі тиіс.

69. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 жылды құрайды. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуға тиіс.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар

кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдаудың тиімділігіне әсері толық түсіндіріле отырып, жыл сайын жүргізілуі тиіс.

Ешбір тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына қатысты шешімдер қабылдауға қатыспауы керек.

70. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғам Директорлар кеңесінің барлық немесе көпшілік келелі мүшелерінің өкілеттігін уақытынан бұрын тоқтатуға құқылы.

71. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Жалғыз акционер етіп сайлаған (тағайындаған) жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі біткен кезде бір мезгілде аяқталады.

72. Қоғам Директорлары кеңесінің төрағасы олардың мүшелерінің арасынан Жалғыз акционердің шешімімен сайланады (тағайындалады).

Қоғамның Жалғыз акционері кез келген уақытта Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

73. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарында төрағалық етеді;
- 4) тиісті сұрау салу негізінде жыл сайын Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшері және сыйлықақы беру шарттары туралы хабарлайды;
- 5) Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақының мөлшерін белгілей отырып, Қоғамның Басқарма төрағасымен (Бас директорымен) Қоғамның отырысынан еңбек шартын жасасады. Бұл ретте осы еңбек шарты материалдық қызығарсыздық Қоғамның директорлар Кеңесі белгілеген Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге тікелей тәуелділігін көздеуге тиіс;
- 6) Заңнамада және Жарғыда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

74. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

75. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша не талап бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 3) Қоғамның Жалғыз акционері.

76. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғам Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиісті.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғадарды міндетті шақырумен өткізіледі.

77. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламада, күндізгі отырыс өткізген жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа қатыса алмаған жағдайда, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы оның дауыс беру мүмкіндігі туралы түсініктеме болуы тиіс.

78. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалдық байланыс), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефондық кеңес» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдаланып қатыса алады. Мұндай отырыстарда қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленеді.

79. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Басқармаға, Директорлар кеңесінің Төрағасына және Корпоративтік хатшыға алдын ала хабарлауға міндетті. Отырысқа келмеген Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша хабарлама арқылы дауыс беруге құқылы.

Бұл орайда күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада:

- 1) жасалған күні;
- 2) жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі білдірілетін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша айқын білдірілген көзқарасы;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауымен, күн тәртібіне жататын өзге де деректер болуы тиіс.

80. Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс бергені туралы жазба жасалатын отырыстың хаттамасына тігіледі.

81. Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесінің отырысы басталғанға дейін Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға беруге тиісті.

Егер күн тәртібі бойынша ертерек жазбаша хабарлама жіберген Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша хабарламасы ескерілмейді.

82. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесінің мүшелері ішінен кемінде жартысын құрайды және бейнеконференциясын (интерактивті адиовизуалдық байланыс), конференц-байланысты (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефондық кеңес» режимінде бір мезгілде сөйлесуі), өзге де байланыс құралдарын пайдалануды ескеріп, сондай-ақ Директорлар кеңесінің келмеген мүшелерін (олардың жазбаша түрде көрініс тапқан дауыстары болған кезде) ескеріп белгіленеді.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны көрсетілген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

83. Осы Жарғының 59-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 13), 14), 19), 24)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдауға арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл орайда Директорлар кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың кемінде жартысы қатысуы тиіс.

Осы тармақтың алдыңғы абзацында көрсетілген мәселелерді қайтадан қараған кезде, кворумға және осы тармақта көзделген тәуелсіз директорлар санына қойылатын талаптар қолданылмайды.

84. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заннамамен өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелері дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

85. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

86. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша, Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Бұл орайда отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламамен бірге жіберілетін бюллетеньдер қолданылады.

87. Қоғам Жарғысының 59-тармағының 1), 3)-6), 9), 15), 20), 23), 24) тармақшаларында белгіленген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдана алмайды.

88. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді Корпоративтік хатшыға берген күн;

- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауысқа қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге де деректер болуы тиіс.

Сырттай дауыс беруге бюллетеньдерді Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберген кезде Корпоративтік хатшы олардың дұрыс және біркелкі жасалуын өзінің қол қоюымен куәландырады.

89. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданған болып танылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз болып есептеледі.

90. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс және онда:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімін жазбаша ресімдеу күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы деректер;
- 4) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/кворумның болмауы туралы жазу;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 7) өзге де деректер болуы тиіс.

91. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күннің ішінде ол осы шешім солардың негізінде қабылданған бюллетеньдерді қоса беріп, Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберілуі тиіс.

92. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшы отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жасауы және қол қоюы және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыс өтетін күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы деректер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімімен өзге де деректер.

93. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерін Қоғамдағы жауапты тұлғалар сақтайды.

Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабымен оған танысуы үшін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді беруге және (немесе) хаттамадан және шешімдерден Қоғамның уәкілетті жұмыскерінің қолымен және

Қоғамның мөрінің (бар болған жағдайда) басылуымен куәландырылған үзінді көшірмелер беруге міндетті.

94. Директорлар кеңесі отырысына қатыспаған немесе Заңнамада және Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде даулауға құқылы.

Жалғыз акционер, егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Қоғамның Директорлар кеңесінің Заңнама мен Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылданған шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

95. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің мәселелер жөніндегі комитеттері құрылуы керек. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Жоғарыда аталған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің жекелеген комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

96. Директорлар кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен және сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы баптың 95 - тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Бас директор (Басқарма төрағасы) Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін құру және олардың жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

## **12-БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ**

97. Ағымдағы қызметке басшылықты Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма төрағасы (Бас директор) басқарады.

Басқарманың жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру мен өткізу тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы ережемен белгіленеді.

98. Басқарманың Заңнамамен және Жарғымен басқа органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқығы бар, оның ішінде:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам жұмыскерлерінің жалпы санын, Қоғамның Орталық аппаратының ұйымдық құрылымын ескере отырып, оның филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда, Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;
- 2) Қоғамның әкімшілік және басқарушы жұмыскерлерінің (Қоғамның Басқарма мүшелерін, Қоғамның ішкі аудит қызметінің, Қоғамның комплаенс қызметінің, Қоғамның Корпоративтік хатшысы мен Омбудсменін қоспағанда) еңбегіне ақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету туралы ережені, лауазымдық жалақыларының схемасын бекітеді;
- 3) Қоғамның салықтық, есептік және өзге де саясатын бекітеді;
- 4) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асырады;
- 5) Қоғамның барлық жұмыскерлері орындауға міндетті шешімдер қабылдайды және тапсырмалар береді;
- 6) акцияларды орналастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- 7) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің жұмысын үйлестіреді;
- 8) Қоғамның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 9) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және әкімшілік аппараты орналастыру үшін алаңдардың нормаларын айқындайды;
- 10) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам жұмыскерлеріне шығыстарды өтеу тәртібі мен шарттарын айқындайды;
- 11) жұмыскерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын, өкілдік шығыстар лимиттерін және Жалғыз акционердің шешімі бойынша өзге де лимиттерді беру кезінде Қоғамның қаражаты есебінен өтелетін шығыстар лимиттерін айқындайды;
- 12) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, осы Жарғының 59-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген құжаттар тізбесіне кірмейтін ішкі құжаттарды бекітеді;
- 13) белгіленген тәртіппен Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдайды;
- 14) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің бірден онға дейінгі пайызын құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдайды;
- 15) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Қоғамның өзге органдарының, Қоғамның Бас директорының (Басқарма төрағасының) құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдайды;
- 16) Заңдарда және Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның басқа заңды тұлғалардың, оның ішінде акционері (қатысушысы) Қоғам болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акцияларының (қатысу үлестерінің) бір пайыздан он пайызға дейінгі бөлігін сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы шешімдер қабылдайды, сондай-ақ олардың қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- 17) Қоғамның осы тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға қатысты акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асыру тәртібін айқындайды;
- 18) шешім қабылдау Жалғыз акционердің немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала мақұлдайды;

19) Қоғамның бизнес-жоспарының жобасын, сондай-ақ оған енгізілетін түзетулерді әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне ұсынады;

20) Қоғамның бизнес-жоспарын дайындауды және іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ оның орындалуына жауапты болады;

21) Қоғамдағы тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару рәсімдерін әзірлеуге және қолдануға жауапты;

22) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына кіретін заңды тұлғалармен жасасуға Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу туралы шешімді Қор айқындаған тәртіппен қабылдайды;

23) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындайды;

24) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарма Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Жалғыз акционер немесе Қоғам, егер мәміле жасалған сәтте Басқарма мүшелері мұндай шектеулер туралы білетіндігін дәлелдесе, Басқарма шешімі бойынша Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып жасалған мәміленің жарамдылығына дау айтуға құқылы.

Жалғыз акционер немесе Қоғам Басқарма қабылдаған шешімдер нәтижесінде Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып туындаған шығындардың заңдылығына дау айтуға құқылы.

99. Басқарма мүшелері Жалғыз акционердің өкілдері және оның акционерлері болып табылмайтын Қоғам жұмыскерлері бола алады. Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік беделі болуы тиіс.

Басқарма мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

100. Басқарма төрағасы (Бас директор) атқарушы орган басшысының не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлға лауазымын атқаруға құқылы емес.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңнамада, Жарғыда, Басқарма туралы ережеде, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасасатын еңбек шартында айқындалады. Қоғамның атынан Басқарма төрағасымен (Бас директормен) еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осы үшін Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директоры) қол қояды.

101. Басқарма төрағасын (Бас директорды) қоспағанда, Басқарма мүшесі болып табылатын Қоғам жұмыскерімен еңбек катынастарын тоқтату жұмыс берушінің бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша Директорлар кеңесімен келісімімен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша Басқарма мүшесі болып табылатын Қоғам жұмыскерімен еңбек катынастарын тоқтату Директорлар кеңесінің тиісті шешімі

негізінде, ал Басқарма төрағасымен (Бас директормен) – Жалғыз акционердің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

102. Басқарма мүшелерінің саны кемінде бес тұлғанан тұруы тиіс.

103. Қоғам Басқармасы, әдетте, кемінде айына 1 рет жиналады. Егер Басқарма отырысына Басқарманың сайланған (тағайындалған) мүшелерінің кемінде жартысы катысса, ол шешім қабылдауға құқылы болады.

104. Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Басқарма шешімдері отырысқа катысқан Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Қоғам Басқармасының төрағасы (Бас директор) дауыс берген шешім қабылданады.

Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

105. Қоғам Басқармасының төрағасы (Бас директор):

1) Қоғамның Басқармасын басқарады;

2) Жалғыз акционердің тапсырмаларының, Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Басқарма шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) үшінші тұлғалармен жасалатын қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Қоғамның үшінші тұлғалармен жасалатын қатынастарында оның мүдделерін білдіру құқығына сенімхаттар береді;

5) Қоғам жұмыскерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және босатуды жүзеге асырады (Заңнамада және Жарғыда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін белгілейді және Директорлар кеңесінің шешімі негізінде сайлануы және тағайындалуы жүзеге асырылатын жұмыскерлерді қоспағанда, Қоғам жұмыскерлерінің сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

6) Директорлар кеңесімен келісу бойынша (Директорлар кеңесі белгілеген номенклатура бойынша) жұмыскерлерді жұмысқа қабылдауды және Қоғамның басшы лауазымдарына тағайындауды жүзеге асырады;

7) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

8) Қоғамның ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларын әзірлеуді және орындауды қамтамасыз етеді;

9) Қоғам атынан шарттар (келісімшарттар, келісімдер) жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің бір пайызына дейінгі шамаға ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

11) Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;

12) өз құзыреті шегінде Қоғам бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

13) Қоғам Басқармасының отырыстарын шақырады және қажетті материалдарды карауға ұсынады;

14) Қоғамның Жалғыз акционер алдындағы жұмысы үшін жауапты болады;

15) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Қоғамның Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

16) Қоғамның Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

17) мүліктік емес сипаттағы мәмілелер мен нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің бір пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелер жасайды;

18) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасымен қызметтік іссапарлар мен жыл сайынғы еңбек демалысының мерзімдерін келіседі;

19) Директорлар кеңесіне және Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның бизнес-жоспарын іске асыру туралы жыл сайынғы есептерді ұсынады.

20) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын барлық қалған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

106. Жалғыз акционер немесе Қоғам Қоғамның Жалғыз акционері немесе Директорлар кеңесі белгілеген шектеулерді бұза отырып, Қоғамның Басқарма төрағасы (Бас директоры) мақұлдаған шығындардың заңдылығын даулауға құқылы.

### **13-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ**

107. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін Жарғыға және Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланбауға немесе пайдалануға жол бермеуге немесе өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде теріс пайдаланбауы тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Заңнама талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашылуы мен берілуін бақылайды;

5) Қоғамдағы жұмысы тоқтаған сәттен бастап үш жылдың ішінде де Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

108. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) осы Заңда белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен

шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

109. Қоғам Жалғыз акционері шешімінің негізінде лауазымды тұлғаның Қоғамға келтірген зиянын не залалын өтеуі туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы.

110. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға не Жалғыз акционерге шығын келтірген, Қоғам органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда, жауакершіліктен босатылады.

#### **14-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

111. Қоғамның және Филиалдардың қаржылық-шаруашылық қызметіне бақыылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылады.

Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

112. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етуді Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады.

113. Ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес құрылған аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңеспен өзара іс-қимыл жасайды.

#### **15-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ МЕН АУДИТІ**

114. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.

115. Қоғам Басқармасы жыл сайын Жалғыз акционерге талқылау және бекіту үшін өткен жылға жасалған, аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес өткізілген жылдық қаржылық есептілігін ұсынады. Қаржылық есептілігінен бөлек, Басқарма Жалғыз акционерге аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хатты) қоса алғанда, аудиторлық есеп береді.

116. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Жалғыз акционердің қарауына шығарған күнге дейін отыз күннен кешіктірілмей Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

117. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық

қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ осы Заңнаманың талаптарына сәйкес Жалғыз акционер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

118. Қоғам жылдық қаржылық есептілігінің аудитін өткізуге міндетті.

119. Қоғам аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасымен Қоғамның есебінен не Жалғыз акционердің талабымен соның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл орайда Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өзі белгілеуге құқылы. Аудит Жалғыз акционердің талабы бойынша өткізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұрататын барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

120. Егер Қоғам Басқармасы Қоғам аудитін өткізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

## **16-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

121. Қоғам қаржылық есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті.

122. Қоғам осы Жарғының 11-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Жалғыз акционердің жазбаша талабы бойынша осындай талапты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Заңнамада көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін төлемақының мөлшерін Қоғам Басқармасы белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалатын шығыстардың құнынан және құжаттарды Жалғыз акционерге жеткізуге байланысты шығыстардың төлемінен аспауы тиіс.

Қоғам Жалғыз акционердің назарына оның сұрауы бойынша Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын кез келген ақпаратты жеткізеді.

123. Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе Заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қамтитын бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысының және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар оның талабы бойынша Жалғыз акционерге танысу үшін ұсынылуы тиіс.

Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпараты бар Қоғам жұмыскерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

124. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Орталық депозитарий (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) беретін мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті.

Қоғам уәкілетті орган белгілеген тәртіпте оған үлестес тұлғалар тізімін береді.

125. Қоғамның Жалғыз акционері мен лауазымды тұлғалары Қоғамның Басқарма төрағасына (Бас директорына) Жарғы бекітілген күннен бастап отыз күннің ішінде, сондай-ақ үлестестіктің пайда болуына қарай ол пайда болған күннен бастап жеті күннің ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпарат береді.

Бұрын Жалғыз акционермен немесе Қоғамның лауазымды тұлғасымен үлестес деп көрсетілген тұлға үлестестігін тоқтатқан жағдайда, Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы үлестестік пайда болған күннен бастап бес күннің ішінде Қоғам Басқармасының төрағасына (Бас директорға) ол туралы хабарлайды.

Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғамның Басқарма төрағасына (Бас директорына) уәкілетті органмен белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

126. Осы бапта белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындау үшін жауапкершілік Қоғам Басқармасында болады.

## **17-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ**

127. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

128. Қоғам бөліну немесе бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастырылған кезде Қоғамның кредиторлары ол бойынша Қоғам борышкер болып табылатын міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуды және залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.

129. Егер қайта ұйымдастырылған жағдайда Қоғам өз қызметін тоқтатса, оның акцияларының шығарылымы Заңнамада белгіленген тәртіпте жойылуға жатады.

## **18-БАП. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ**

130. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды, ол Заңнамаға сәйкес кредиторлармен жасалған келісімдер бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін айқындайды.

131. Қоғамды мәжбүрлеп таратуды Заңнамамен көзделген жағдайларда сот жүзеге асырады.

Егер Заңнамамен өзгеше көзделмесе, мүдделі тұлғалар Қоғамды тарату туралы сотқа талап беруі мүмкін.

132. Соттың немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Заңнамамен айқындалған іс-әрекеттерді жасау бойынша өкілеттікке ие болады.

Ерікті түрде тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге де тұлғадар кіруі тиіс.

133. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Заңнамамен реттеледі.

134. Қоғам тараған кезде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Заңнамамен белгіленген тәртіпте жойылуға жатады.

135. Қоғамның кредиторлармен есептескеннен кейін қалған мүлкі Қоғамның Жалғыз акционерлеріне беріледі.

## 19-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

136. Егер Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болып қалса, бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсерін тигізбейді. Жарамсыз ереже Заңнаманың талаптарына жауап беретін басқасымен ауыстырылады.

137. Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Бас директоры  
(Басқармасының төрағасы)



**М. Тасыбаев**

Утвержден Решением  
Единственного акционера  
АО «Интергаз Центральная Азия»  
(протокол заседания  
Совета директоров АО НК «QazaqGaz»  
от « 10 » \_\_\_\_\_ 2022 года № 21



**УСТАВ**  
Акционерного общества  
«Интергаз Центральная Азия»

г. Астана, 2022 год

## СТАТЬЯ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Акционерное общество «Интергаз Центральная Азия» (далее – Общество) является юридическим лицом, образованным и осуществляющим свою деятельность в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и иными правовыми актами Республики Казахстан (именуемыми далее совместно и по отдельности – Законодательство), а также настоящим Уставом Общества (далее - Устав).

2. Фирменное наименование Общества:

на казахском языке:

**полное:** «Интергаз Орталық Азия» Акционерлік қоғамы;

**сокращенное:** «ИОА» АК;

на русском языке:

**полное:** Акционерное общество «Интергаз Центральная Азия»;

**сокращенное:** АО «ИЦА»;

на английском языке:

**полное:** «Intergas Central Asia» Joint Stock Company;

**сокращенное:** «ICA» JSC.

3. Место нахождения исполнительного органа Общества: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, улица Әлихан Бөкейхан, 12.

4. Срок деятельности Общества – не ограничен.

5. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

6. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские счета, печать, штампы и бланки с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках и другие реквизиты.

7. Общество может иметь свой товарный знак и символику, образцы которых утверждаются Правлением Общества и регистрируются в установленном порядке.

8. Общество обладает имуществом, обособленным от имущества своего Единственного акционера, и не отвечает по его обязательствам.

9. АО «НК «QazaqGaz» является единственным акционером Общества (далее – Единственный акционер), не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательством.

## СТАТЬЯ 2. УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ОБЩЕСТВА

10. Учредительным документом Общества является Устав.

11. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с Уставом. По требованию заинтересованного лица Общество обязано предоставить ему возможность ознакомиться с Уставом, включая последующие изменения и дополнения к нему. В течение трех рабочих дней Общество обязано исполнить требование Единственного акционера о предоставлении ему копии Устава.

### СТАТЬЯ 3. ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

12. Целью деятельности Общества является получение дохода в ходе осуществления самостоятельной хозяйственной деятельности и обеспечение эффективной, надежной и безопасной эксплуатации системы магистральных газопроводов, газораспределительных сетей высокого, среднего и низкого давления, как объектов, имеющего стратегическое значение для экономики Республики Казахстан.

13. Предметом деятельности Общества являются:

1) услуги по хранению, транспортировке природного газа, конденсата по магистральным газопроводам (ОКЭД 49.50.0 Транспортирование по трубопроводу);

2) эксплуатация и техническое обслуживание магистральных и распределительных газопроводов, в том числе объектов входящих в единую систему снабжения товарным газом (ОКЭД 52.21.5 Эксплуатация магистральных и иных трубопроводов, в том числе водоводов);

3) производство, передача и распределение электрической и тепловой энергии, эксплуатация электрических станций, электрических сетей и подстанций объектов газотранспортной системы (ОКЭД 35121 Передача электроэнергии, ОКЭД 35130 Распределение электроэнергии, ОКЭД 35140 Продажа электроэнергии потребителю);

4) покупка, продажа, заем, мена природного газа, конденсата (ОКЭД 35220 Распределение газообразного топлива по трубопроводам, ОКЭД 35230 Продажа газообразного топлива по трубопроводам);

5) планирование, проектирование, строительство газопроводов и других объектов трубопроводного транспорта, связанных с эксплуатацией объектов Общества (ОКЭД 42211 Строительство нефтяных и газовых магистральных трубопроводов);

6) планирование, проектирование, расширение, реконструкция и техническое перевооружение действующих систем магистрального газопровода (ОКЭД 52216 Услуги по подсоединению (подключению) трубопровода к действующим магистральным и иным трубопроводам);

7) проектирование и эксплуатация объектов хранения газа, магистральных газо-, нефтепроводов, производство и ремонт нефтегазопромыслового оборудования (ОКЭД 52.21.5 Эксплуатация магистральных и иных трубопроводов, в том числе водоводов);

